



НҰРДА ҚАЗАЛЫ



№20
(2399)
Сәрсенбі
11 наурыз
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАРТ АНАЛАРДЫ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудандағы бірқатар абзал аналардың үйлеріне барып, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев пен аудан жұртшылығының атынан мерекемен құттықтады. Қарт аналардың шаңырағына аудан әкімімен бірге аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қасқырбай Әлімбаев, аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов және аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Роза Асанова барды.

Аудан басшысы алдымен 102 жастағы қарт ана София Сағымбайдың шаңырағына арнайы барды. Қазыналы қартты мерекемен құттықтап, ыстық лебізін білдіріп, мерекелік сый-сияпат табыстады.

Екі ғасырдың куәсі болған, зұлмат жылдары аянбай тер төккен София әже шаңырағына арнайы құттықтай



келген аудан әкіміне ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді. Бес ұлқыз тәрбиелеп өсірген ақ жаулықты ана бүгінде 16 немере, 15 шөбере, 5 шөпшек сүйіп отыр.

Бұдан кейін аудан басшысы саналы ғұмырларында білім саласында қызмет еткен ардагер ұстаздар: Қадыргүл Жұбатқанова мен Зинаида Баймұратованың және тыл ардагері Бибайша

Бисенбаеваның үйіне барды. Аудан басшысы ақ жаулықты аналардың ел дамуы мен ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі елеулі еңбектерін атап өтіп, батыр аналардың қандай құрметке болсын лайық екендігін, оларды қадірлеу – бүгінгі ұрпақтың парызы екенін атап өтті. Аяулыаналарға құрмет көрсетіп, жаулық жауып, мерекелік сый-сияпаттарды табыстады. Аудан басшысы

Жалаңтөс батыр аулындағы еңбек ардагері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Ажаркүл Алдарованы мерекемен құттықтады.

А л м а с б е к Әбілқасымұлы Еңбек Еріне ізгі тілегін арнап, мерекелік сыйлығын тарту етті.

Аудан басшысының шаңырағына арнайы келіп, мерекемен құттықтауы мерейін

өсірген Ажаркүл ана өз кезегінде алғысын білдіріп, ел үшін атқарып жатқан қызметтеріне сәттілік тіледі. Жастық шағын еске алып, ағынан жарылды. Әсіресе, Қазалы ауданының көркейіп жатқанына қуанып, еліміздің амандығы мен тыныштығын тіледі.

- Ұрпақ тәрбиесінде өлшеусіз еңбек сіңіріп, елдің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосқан асыл аналарымыздың әрдайым ортамызда аман-сау жүріп, ақ батасын беріп отырғаны – баршамыз үшін үлкен бақыт. Аяулы аналарымызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбастарына амандық пен береке тілейміз. Ақ жаулықты аналардың ақ батасы қабыл болып, елімізде әрдайым бейбітшілік пен бірлік салтанат құра берсін. Шуақты көктем мерекесі – 8 наурыз әр шаңыраққа қуаныш пен шаттық әкелсін, - деп ізгі тілегін жеткізді аудан әкімі ақ жаулықты аналардың шаңырағында.

НӘЗІК ЖАНДЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Қазалы ауданы әкімі аппаратында еңбек етіп зейнетке шыққан ардагер аналар мен бүгінде ауданның дамуы жолында қызмет етіп жүрген нәзік жандылармен кездесті.

Кездесуде аудан басшысы ардагер аналар мен қыз-келіншектерді мерекемен құттықтап, қазіргі таңда әйелдер қауымының мемлекеттік қызметтегі үлесі артып келе жатқанын



жеткізді. данда жандылардың

Ау- пайызы ер азаматтар- нәзік мен бірге мемлекеттік 23 қызметтегі жүкті

көтерісіп жүргенін тілге тиек етті. Шарада аудан

әкімдігінде қызмет атқарып, зейнетке шыққан ардагерлерге арнайы құрмет көрсетілсе, қазіргі таңда жемісті еңбек етіп жүрген бірқатар әйел қызметкерлер аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Аруларға аудан әкімі аппаратындағы ер азаматтар мерекелік сыйлықтар мен гүл шоқтарын тарту етіп, аудан өнерпаздары әннен шашу шашып көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай ақ жаулықты аналарды арнайы қабылдап, құрмет көрсетті.

Әйтеке би кентіндегі «Руханият» орталығында өткен мерекелік кездесуде аудан басшысы барша аналарды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, олардың қоғамдағы орны мен ел дамуына қосқан өлшеусіз еңбектерін ерекше атап өтті. Ауданның өсіп-өркендеуіне, ұрпақ тәрбиесіне, қоғамдық өмірдің түрлі салаларына белсенді атсалысқан аналардың еңбегі әрдайым құрметке лайық екендігін жеткізді.

Отбасы құндылықтарын сақтап, ұлт тәрбиесіне үлес қосып отырған аналардың



өнегелі жолы кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі. Сіздер – өмірдің өзегі, отбасының берекесі, ұрпақ тәрбиесінің темірқазығысыздар. Бүгінгі бейбіт өмір мен берекелі тіршіліктің негізінде маңдай

терлеріңіз бен төзімдеріңіз, ақыл-парасаттарыңыз жатыр. Сіздердің мейірімдеріңіз бен даналықтарыңыз әрбір шаңыраққа жылулық сыйлап, қоғамымыздың берекесін артты-

рып келеді, - деді аудан басшысы.

Шарада еңбек ардагерлеріне арнайы мерекелік құттықтаулар мен сый-сияпаттар табысталды. Аудан әкімі әжелердің барлығына ақ жаулық жауып, құрмет көрсетті.

Мерекелік жиында мәдениет қызметкерлері концерттік бағдарлама ұсынып, аналарға әсем әндерді тарту етті.

Сонымен қатар, кездесуде ұсыныс-пікір білдірген аналардың ойлары тыңдалып, олардың ақыл-кеңестері мен бағалары қабыл алынды.

Мерекелік басқосу соңында аудан әкімі барша аналарға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларына амандық тілеп, аналардың ел бірлігі мен берекесін арттыру жолындағы еңбектеріне алғыс білдірді.

«ӘЛЕМДІ ӘЛДИЛЕГЕН – АНА» АТТЫ САЛТАНАТТЫ ШАРА

Қазалы қаласында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай «Әлемді әлдилеген – Ана» атты салтанатты шара өтті. Мерекелік жиынға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, барша нәзік жандылар қауымын көктемнің шуақты мерекесімен құттықтады.

Шын мәнінде адамзат баласы үшін анадан құдіретті, анадан ардақты, анадан аяулы ешкім жоқ. Әлемдегі ең жоғары мадақта, құрметте ару-аналарға арналады.

«Күллі ізгілік атаулының бәрі күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен келеді» деген даналық сөз бар. «Азамат – үйдің иесі болса, әйелдер – үйдің киесі». Демек, барша адамзат тіршілігінің алтын арқауы – Аналар екені сөзсіз. Мерейлі мерекелеріңізбен

құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін, - деді аудан әкімі.

Салтанатты шарада аудан басшысы 15 наурызда өтетін Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауға арналған республикалық референдумға қала тұрғындарын белсенді қатысуға шақырды. Жаңа Ата Заң жобасы елдің құқықтық негіздерін нығайтып, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге, мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығы мен әділеттілігін арттыруға бағытталғанын түсіндірді.

Мерекелік шарада ауданның түрлі саласында еңбек етіп жүрген бірқатар әйел-аналарға аудан



әкімінің құттықтауы мен алғыс хаттары табысталып, ықылас гүл сахна төріне шығарылды.

Мерекелік шара әрі қарай ерекше концерттік бағдарламаға ұласып, қала өнерпаздары нәзік жандылардың құрметіне әсем ән

шырқап, мерекелік кештің көркін кіргізді.

Шара соңында барлық аналар мен қыз-келіншектерге мерекелік арнайы сыйлықтар мен гүл шоқтары таратылып, құрмет көрсетілді.

АУДАН ӘКІМІ ПЕРЗЕНТХАНАДАҒЫ ЖАС АНАЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудандық көп бейінді орталық ауруханаға арнайы барып, перзентхана бөлімінің қызметкерлері мен жаңа босанған аналарды мерекемен құттықтады.

Мерекелік кездесуде аудан басшысы ақ халатты абзал жандардың еңбегіне алғыс айтып, аналық бақытқа бөленген нәзік жандыларға ізгі тілегін жеткізді.

Қазіргі таңда перзентхана бөлімінде 6 ана бар. Соңғы тәулікте 1 сәби дүние есігін ашқан. Аудан әкімі жас аналарға гүл шоқтары мен арнайы сый-сияпат табыстап, отбастарына амандық, сәбилеріне жарқын болашақ тіледі.

Кездесуде аудан әкімі Президентіміздің, аймақ басшысының қолдауымен аудандағы денсаулық сақтау саласында атқарылып жатқан



жұмыстарға тоқталып өтті.

«Ана мен баланың амандығы – қоғамның басты байлығы. Сондықтан ауданымызда медицина саласын дамытуға айрықша көңіл бөлініп келеді. Биыл аудандық көп бейінді орталық аурухана жанынан

кардиология және инсульт орталығы ашылды. Жуырда ауруханада заманауи КТ аппараты іске қосылып, тұрғындарға қызмет көрсете бастады. Алдағы уақытта орталыққа МРТ аппараты жеткізілмек. Сонымен қатар, биыл ауданымызда

алғаш рет күрделі жүрек операциялары жасалып, медицина саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізілуде. Мұның барлығы тұрғындардың денсаулығын жақсартуға бағытталған жұмыстардың нәтижесі», - деді аудан әкімі.

Аудан басшысы перзентхана қызметкерлері мен жас аналарды құттықтаудан кейін елімізде 15 наурызда Жаңа Ата заң жобасын қабылдауға қатысты өтетін республикалық референдумның маңызы, жаңа Заң жобасында көрсетілген ана мен бала құқығы мәселелері жайында түсіндіріп, ел ертеңі үшін саяси маңызы жоғары елдік іске белсенді атсалысуға шақырды.

Айта кетейік, аудандық аурухананың перзентхана бөлімінде өткен жылы 1233 сәби дүниеге келіп, биыл жыл басынан бері 164 нәресте өмірге келген.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

АНАЛАРҒА АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ ТАБЫСТАЛДЫ



8 наурыз – Халықаралық мәні зор игі шаралар әйелдер күні мерекесіне ұйымдастырылды. Осыған орай аудан көлемінде орай аудан әкімінің орын-тағылымы мол, тәрбиелік басарлары, аудан әкімі

аппаратының басшысы, ауыл әкімдері мен аудандағы мекеме басшылары ел ішінде құрметке ие, өмірлік тәжірибесі мол ақ жаулықты аналардың шаңырағына арнайы барып, мерекемен құттықтады.

Ізгі ниетке толы кездесулерде аналарға аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың жүрекжарды құттықтауы табысталып, ақ жаулықты әжелерге ерекше құрмет көрсетілді. Елдің берекесі мен бірлігінің ұйытқысы болған аналардың иығына жаулық жауып, гүл шоқтары мен сый-сияпаттар табыстал-

орны, отбасы тәрбиесіндегі рөлі, ұрпаққа берер өнегесі туралы жылы әңгімелер өрбіді. Саналы ғұмырын елдің өсіп-өркендеуіне, ұрпақ тәрбиесіне арнаған аналарымызға деген құрмет – әрдайым жоғары екені айтылды.

Ақ жаулықты аналар да көрсетілген сый-құрметке ризашылықтарын білдіріп, елдің амандығын, жұрттың тыныштығын тілеп, ақ баталарын берді.

Көктемнің шуақты мерекесінде аналарға көрсетілген бұл құрмет – олардың қоғамдағы қадір-қасиетінің айқын көрінісі.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС-ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Бүгінгі қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес – ең өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық мемлекет дамуына кері әсер етіп қана қоймай, қоғамдағы әділдік пен сенімге нұқсан келтіреді. Ол экономиканың тұрақты дамуына, халықтың әл-ауқатына және мемлекеттің басқарудың тиімділігіне үлкен кедергі келтіреді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекет пен әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Елімізде бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оған қарсы мәдениетті қалыптастыру және қоғамда адалдық қағидаларын нығайту мақсатында қабылданған маңызды құжаттардың бірі. Аталған заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайтуға бағытталған қызмет ретінде түсіндіріледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – заң талаптарын сақтау ғана емес, әрбір азаматтың санасында қалыптасатын адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаларынан тұрады. Мұндай мәдениетті қалыптастыру отбасыдан, білім беру ұйымдарынан және қоғамдық ортадан басталады. Әсіресе, жас ұрпақты адалдыққа тәрбиелеу, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру – болашақта жемқорлықсыз қоғам құрудың маңызды алғышарты.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қалыптастыру үшін мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігі де маңызды рөл атқарады. Азаматтар мен мемлекеттік мекемелер арасында сенімді қарым-қатынас орнаған жағдайда ғана қоғамда әділдік пен заң үстемдігі нығая түседі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес. Бұл – бүкіл қоғамның ортақ ісі. Әрбір азамат заң талаптарын құрметтеп, адалдық қағидаларын ұстанған кезде ғана әділетті әрі дамыған қоғам қалыптасады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – бүгінгі күннің маңызды талабы. Адалдық пен әділдік үстемдік құрған қоғам ғана тұрақты дамуға қол жеткізіп, болашақ ұрпаққа жарқын жол ашады.

Р. ҚУАНЫШБАЕВ,
Қазалы аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары

КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ – ОЛ СЕНІҢ ТАҢДАУЫҢ

2026 жылдан бастап Қарулы Күштеріне келісімшарт бойынша әскери қызметшілерді жасақтау жоспарланды. Тілек білдіруші азаматтар бұрын әскери қызмет атқарған және мамандықтары болуы шарт. Себебі, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде келісімшарт бойынша әскери қызметті таңдауыңа төмендегідей жағдай жасалынған

еңбек сіңірген жылдары мен лауазымдық жағдайына сәйкес қарастырылған).
-Әскери-медициналық мекемелер мен ұйымдар әскери қызметшілерге мемлекет есебінен тегін дәрігерлік қызмет көрсетеді.

-Келісім шарт бойынша әскери қызметшілер қашықтығы 100 шақырымнан астам бір елді мекеннен басқасына қоныс аударуға байла-

Республикасының белгіленген тәртібі мен нормасы бойынша келісімшарт бойынша әскери қызметшілер мемлекеттің есебінен киіммен тегін қамтамасыз етіледі.

-Сергіз жыл келісімшарт бойынша әскери қызмет атқарған сарбаздар (матрос) мен сержанттар (старшина) жоғарғы оқу орындарында ақылы білім алған жағдайда жал-

пы құнының 50 пайызы бюджет есебінен өтеуге құқылы. Әскери қызметшілер мұндай жеңілдікті бір рет қана пайдалана алады.

-Әскери қызметшілердің балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі балалар мекемелерінде кезектен тыс орындар беру жеңілдіктері қарастырылған

-Осыған байланысты Қарулы Күштер Қатарында

әскери қызметке барғысы келетін азаматтар толық мәлімет алу үшін мына мекен-жайға хабарласуыңызға болады:

Қазалы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі.
Әйтеке би кенті,
Әйтеке би көшесі, №88.
Тел: 21433,
ұялы: 87754964351



ҰЛЫ ДАЛА ӘСКЕРІ - ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ КЕЛ

КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ

Қазақстандағы келісімшарт бойынша әскери қызмет

Бұл мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ғана емес, сонымен қатар әскери қызметшінің өзін және оның отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ете отырып, перспективті кәсіби өсуге арналған беделді жұмыс.

Бұл келісімшарт бойынша әскери қызметке келуге шешім қабылдаған азаматтарға, оларға берілетін мүмкіндіктер туралы білуге пайдалы ақпарат.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАУ ӘР АЗАМАТТЫҢ ҚАСИЕТТІ БОРЫШЫ МЕН МІНДЕТТІ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 36 БАБЫ)

-Мемлекет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету. Тұрғын үй қорында қызметтік тұрғын үй болмаған жағдайда тұрғын үйді жалдауға арналған ақшалай төлемақы мөлшері отбасы мүшелерінің санына және жұмыс орнына байланысты төленеді.

- Айлық жалақының уақытылы төленуі (әскери қызметшінің

нысты қызмет бабымен ауысқан кезде оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөшерінде көтерме жәрдемақысы төленеді.

- Жыл сайынғы негізгі демалыс беріледі, әскери қызметшіге демалыс беру екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде төленеді.

- Қазақстан

Ұнды ФОРТИФИКАЦИЯЛАУ

Дұрыс тамақтану — халық денсаулығының негізгі шарттарының бірі. Алайда көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда адамдардың күнделікті тағамында дәрумендер мен минералдар жеткіліксіз болады. Әсіресе, темір, фолий қышқылы және «В» тобы дәрумендерінің тапшылығы жиі кездеседі. Осы мәселені шешудің тиімді жолдарының бірі — ұнды фортификациялау, яғни ұнға адам ағзасына қажетті микронутриенттерді (дәрумендер мен минералдарды) қосу.

Фортификациялау дегеніміз — тағам өнімдеріне (ұн, тұз, сүт, май) денсаулыққа пайдалы заттарды арнайы мөлшерде қосу арқылы олардың биологиялық құндылығын арттыру. Ұн — ең қолайлы өнім, себебі нан мен нан өнімдерін халық күн сайын тұтынады, барлық әлеуметтік топтар пайдаланады және қолжетімді әрі арзан. Сондықтан ұнды байыту



— халық денсаулығын жақсартудың ең тиімді профилактикалық шараларының бірі.

Ұнды фортификациялау кезінде көбіне келесі микронутриенттер қосылады:

1. Темір (Fe) — гемоглобиннің негізгі бөлігі.

2. Фолий қышқылы (B9 дәрумені) жүкті әйелдерге және ұрықтың дұрыс дамуына;

3. В тобы дәрумендері (B1, B2, B6, PP).

Аталған микронутриенттер жүйке жүйесін реттеумен

қоса энергия алмасуды және мидың жұмысын жақсартады.

Ұнды фортификациялаудың маңызы.

1. Қаназдықтың алдын алу;

Қазақстанда анемия: балаларда, жасөспірімдерде және жүкті әйелдерде жиі кездеседі. Темірмен байытылған ұн - гемоглобин деңгейін көтереді, жұмыс қабілетін арттырады

2. Ана мен бала денсаулығын қорғау;

Фолий қышқылы туа біткен ақауларды азайтады, нәресте

миының дұрыс дамуына көмектеседі;

3. Халық денсаулығын жақсарту;

Нәтижесінде им-мунитет күшейеді, инфекциялық ауруларға төзімділік артады, балалардың өсуі мен дамуы жақсарады, оқу үлгерімі жоғарылайды.

Технологиялық процесс - бойынша ұнды байыту ұн тарту зауыттарында жүргізіледі. Зауыттың өз талаптарына сәйкес витаминді-минералды премикс дайындалады, арнайы дозатор арқылы ұнға қосылады, біркелкі араластырылады, сапасы зертханада тексеріледі, қапталып, саудаға шығарылады. Қосылатын заттардың мөлшері санитариялық нормалармен қатаң реттелуі қажет.

Санитариялық талаптар бойынша премикс тек рұқсат етілген тағамдық қоспалардан тұруы тиіс және оны артық қосуға болмайды (гипервитаминоз қаупі) туындауы мүмкін.

Әр пар-

тия зертханалық бақылаудан өткеннен кейін қаптамада «байытылған ұн» деп белгі соғылу керек. Сақтау орны құрғақ, салқын және желдетілетін болуы қажет.

Ұнды фортификациялау - жасырын микронутриенттік тапшылықпен күресудің ең тиімді әсерінің бірі. Темір, фолий қышқылы және В тобының дәрумендерімен байытылған ұн анемияны азайтып, ана мен бала денсаулығын жақсартады, халықтың жалпы өмір сапасын арттырады.

Бұл шара - емдеу емес, алдында медицинасының маңызды бөлігі. Сондықтан байытылған ұнды пайдалану қоғамдық денсаулық сақтауда үлкен рөл атқарады.

Гүлвира МДУАРОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

КӨМІРҚЫШҚЫЛ ГАЗЫНАН УЛАНУДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Жылу беру маусымы басталысымен тұрмыстық пештерге қатысты жану оқиғалары көбеюде. Осындай оқиғаларды болдырмау үшін өрт қауіпсіздігінің келесі талаптары ұсынылады:

Жылыту маусымының алдында келесі жұмыстар атқарылуы тиіс:

1) жылыту пештері кемінде үш айда бір реттен;
2) үздіксіз әрекеттегі пештер мен ошақтар кемінде екі айда бір рет тазартылуы тиіс.

Асхана плиталары және үздіксіз (ұзақ мерзімде) от жағылатын басқа пештер кемінде айына бір рет тазартылып тұруы керек.

Сондай-ақ, отпен жылытуды пайдалану кезінде:

1) жағылатын пешті қараусыз қалдыруға;
2) жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ, басқа да жанғыш заттар мен материалдарды пештің (ошақтың) алдына жақын орналастыруға;

3) қатты отын жағылатын пештерді жағу кезінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;

4) пештерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда қарастырылмаған жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға;

5) үй-жайларда көпшілік адамдардың болуымен онда іс-шаралар өткізу уақытында пеш жағуға;

6) пешті пайдалану жөніндегі нұсқаулықта белгіленген уақыттан артық жағуға;

7) жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киім, киім, ағаш) пештер мен түгіндіктердің беттерінен 0,5 м кем болатын арақашықтықта кептіруге тыйым салынады.

Егер:
-Көмірдің иісін сезсеңіз, есік немесе терезені ашып, далаға шығыңыз.

-ал, пешке от жағылмай түгіннің иісін сезсеңіз онда моржа түбіндегі немесе сылақ астындағы пешке қандайда болсын жақын салынған құрылыс ағашы қызып жатқаны. Ол өте қауіпті.

Жоғары көрсетілген талаптарды орындамау ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптары бойынша әкімшілік жауапкершілікке әкелетінін ескертеміз.

Шапағат ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау майоры

●Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі Қазалы ауданының құрметті азаматы, өңіріміздің мәдениеті мен өнеріне зор үлес қосқан сазгер, ақын, білім саласының ардагері, 300-ден астам өндердің авторы, жерлесіміз

АЛҒАШБАЙ НҰРМАШ ҚАБЫЛБАЙҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туғантуыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.